КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қазан № 5265-25-00-2/3064 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласы жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ATB ASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот,**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Шымкент қаласы жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ATB ASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «ATB ASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 80 523 (сексен мың бес жүз жиырма үш) теңге және мемлекеттік баж 4 382 (төрт мың үш жүз сексен екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 26.11.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья К.Ш. Мырзахметов

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.11.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 26.11.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

5265-25-3-1/3240